


**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының  
№ 2 хаттамасы**



2025-2026 оқу жылы

## Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының № 2 хаттамасы

**Күні:** 15 желтоқсан 2025 жыл

**Тақырыбы:** «Педагогикалық этика және педагогикалық мәдениет».

### **Мақсаты:**

педагогикалық этика мәселелері бойынша педагогтердің кәсіби рефлексиясын арттыру, кәсіби қарым-қатынас мәдениетін дамыту, практикалық жағдаяттарды талқылау.

**Қатысқандар:** меңгеруші, әдіскер, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері – 7 адам.

**Қатыспағандар:** педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 1 мүшесі

### **Күн тәртібі:**

1. Отырыстың ашылуы. *(Кеңес төрағасының құттықтау сөзі.)*

2. «Педагогикалық әдеп және педагогикалық мәдениет» тақырыбына дөңгелек үстел:

- педагогикалық мамандықтағы «әдеп» және «мәдениет» ұғымдарын талқылау;

- балалар, әріптестер және ата-аналармен қарым-қатынастағы әдептілік нормалары;

3. Дөңгелек үстелді қорытындылау. *(Педагогикалық ұжымға арналған қорытындылар, ұсынымдарды тұжырымдау.)*

**Тыңдалды:** Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Атыгаева Бекзада Абдумажитовна отырысты ашып, қатысушыларға отырыс барысында белсенділік танытуын сұрады. Кеңес өз қызметін "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырып, объективтілік пен әділдік, әдептілік қағидаттарын басшылыққа алатынын айтты. Сонымен қатар, педагогикалық мамандықтағы «әдеп» және «мәдениет» ұғымдарына жеке тоқталды. **Педагогикалық әдеп** - адамдар қарым-қатынасында ізгілік нормаларын мүлтіксіз орындауды білдіретін ұғым. Адамдар мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптарды білдіреді. Әдептің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік талаптарына сәйкес ретке келтірумен

байланысты. **Педагогикалық мәдениет** – педагогтің ғылыми-педагогикалық дайындығы мен тәжірибелік іс-әрекеті арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу дәрежесін бейнелейтін, оның педагогикалық іс-әрекет пен тәрбие қатынастарының субъектісі ретіндегі тұтас тұлғасының мәнді сипаттамасы.

Педагогтің толеранттылығы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге, олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) төзімділікті, олардың әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, мәдениетке, наным-сеніміне, туған жері иен тұрғылықты жеріне төзімділікті, сондай-ақ жұмыста білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жетілмегенін түсіне және ескере білуді көздейді.

Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы № 190 бұйрықтың «Педагогикалық әдептің негізгі нормалары» деп аталатын 3-тарауының 9-тармағында Әріптестермен қарым-қатынас жасауда педагогтердің жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын, сыпайылық пен биязылықты сақтауы керектігі айтылған.

Педагог этикасы-педагог пен бала, ата-ана мен педагог арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика-ұжым ішінде, педагогтер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын топтарда табуы тиіс. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы педагог этикасы мектепке дейінгі ұйымдарда істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

#### **Кеңес шешімі:**

1. Педагогикалық мамандықтағы «әдеп» және «мәдениет» ұғымдары кеңінен талқылансын.

2. Педагогтермен педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы жұмыстар жүргізілсін.

**Педагогикалық әдеп жөніндегі  
кеңестің төрайымы:**

**Хатшы:**



Г.М. Тукенова

А.Н. Рабатова